

Көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге бензин бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 29 сәуір N 120-ө

1. Көкшетау облысы әкімінің мемлекеттік резервтен облыстың ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге 11 мың тонна дизель отынын және 5 мың тонна бензин бөлу туралы ұсынысы қабылданын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетіне жоғарыда аталған мақсаттарға мемлекеттік резервтен, жаңалау тәртібімен, 11 мың тонна дизель отыны мен 5 мың тонна бензин, оны 1997 жылдың 1 шілдесіне дейін мемлекеттік резервке қайтару және республикалық бюджеттің кірісіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкалары бойынша тауар несиесін Көкшетау облысы әкімінің кепілдік міндеттемесі бойынша пайдалану кезеңіне проценттер төлеу шартымен босатылсын.

Премьер-Министр